

Пәкстан Ислам Республикасының Атқарушы өкімет басшысы Первез Мушаррафтың Қазақстан Республикасына жұмыс бабындағы сапарын дайындау мен өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 қараша N 1655

Қазақстан Республикасы мен Пәкстан Ислам Республикасы арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту және Пәкстан Ислам Республикасының Атқарушы өкімет басшысы Первез Мушаррафтың Қазақстан Республикасына жұмыс бабындағы сапарын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Пәкстан Ислам Республикасы Атқарушы өкімет басшысы Первез Мушаррафтың Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 6-7 қарашадағы жұмыс сапарын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша):
2-қосымшаға сәйкес сапарды өткізуге байланысты шығыстарды қаржыландыруды 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін;

Пәкстан Ислам Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру және қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Пәкстан Ислам Республикасы ресми делегациясы мүшелерінің тұратын және болатын жерлерде қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Пәкстан Ислам Республикасы Атқарушы өкімет басшысының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтың қонуын, ұшуын, оған техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі:

Пәкстан Ислам Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін;

Астана қаласы бойынша таныстыру экскурсиясын ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Пәкстан Ислам Республикасының Атқарушы өкімет басшысын күтіп алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім

бойынша) Пәкстан Ислам Республикасының ресми делегациясы күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 2 қарашадағы
N 1655 қаулысына
1-қосымша

Пәкстан Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру және қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ресми делегация мүшелерін (1+4) Астана қаласындағы "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін ұтқыр байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу, 2000 жылғы 6-7 қараша.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар) дайындау.

5. Пәкстан Ислам Республикасы ресми делегациясының басшысы үшін кәдесыйлар мен сыйлық сатып алу.

6. Пәкстан Ислам Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP-зал, сусындар, шай, Астана қаласының әуежайындағы жалаулар), сондай-ақ Пәкстан Ислам Республикасының Атқарушы өкімет басшысы Первез Мушаррафтың Қазақстан

Республикасына жұмыс бабындағы сапарының бағдарламасына сәйкес ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын дайындау мен

өткізуді қамтамасыз ету.

7. Ел басшылығының атынан Пәкстан Ислам Республикасының Атқарушы өкімет басшысы Первез Мушаррафтың құрметіне Астана қаласында ресми түскі ас ұйымдастыру.

8. Пәкстан Ислам Республикасы ресми делегациясының мүшелерімен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.